



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстандық экспорт жаңа қолдауға ие болмақ.

2017 жылы тамыз айының ортасында «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ мен «Цеснабанк» АҚ арасында серіктестік пен ынтымақтастық жөнінде Келісім бекіді.

Ауыл шаруашылығы саласында экспортқа бағдарланған кәсіпорындар өз жобаларын жүзеге асыру үшін жеңілдетілген несиелерге қол жеткізе алады. Қаржы май өңдеу зауыттарын, ет комбинаттарын, етті бағыттағы құс фабрикаларын, құрама жем зауыттарын, шошқа кешендерін, жеміс-көкөніс қоймаларын, жылыжай кешендерін, тауарлық балық өндірісін, қарқынды бақтарды отырғызу және өзге де бағыттарды құру, кеңейту және жаңғырту бойынша экспорттық әлеуеті бар инвестициялық жобаларға берілмек.

«Цеснабанк» АҚ ұзақ уақыттан бері ауыл шаруашылығы саласына айрықша көңіл бөліп келеді және несиелендіру бойынша мемлекеттік бағдарламаның белсенді қатысушысы болып табылады. Сондықтан «Цеснабанк» акционерлік қоғамы «Агроэкспорт» бірлескен бағдарламасын іске қосу арқылы Қазақстанның экспорттық әлеуетін дамыту бағытында өзінің байырғы серіктесі «Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамын қолдауды жөн көрді. Бағдарламаның мақсаты – отандық ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер арасында бәсекелестікті арттыру, сондай-ақ өнім өндіруді және экспортты ұлғайту.

Пайыздық мөлшерлеме мүмкіндігінше төмендетілген, яғни соңғы қарыз алушыға 8 пайызбен (СЖТМ – жылдық 8,4% бастап) кредит ұсынылады. Бұған қоса, несиелендіру мерзімі барынша ұзартылған - 10 жылға дейін, ал жеңілдікті кезең 2 жылға дейін беріледі.

Кредитті негізгі құралдарды сатып алу, оның ішінде нысандарды жаңғырту; құрылыс-монтаждау жұмыстары, оның ішінде қайта құру; инвестициялық жобаны іске асыру барысында айналым қаражатын толтыру мақсатында алуға мүмкіндік бар.

«Агроэкспорт» бағдарламасы бойынша кредит алу үшін Цеснабанктың кез-келген бөлімшесіне хабарласуға болады. Бағдарламаның негізгі талаптары – қаржылық жағдайының тұрақты, бизнес-жоспар мен кепіл мүліктің болуы, сондай-ақ жобаға өз қаражатының қатысуы 15%-дан кем болмауы тиіс.

Анықтама үшін:

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ бәсекеге қабілетті ауыл кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыратын қолжетімді несиелендіру жүйесін қалыптастыру бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырып келеді.

Корпорация «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі компаниялар тобының құрамына кіріп, соның тікелей жетекшілік етуімен Қазақстанның барлық облыстарында орналасқан 13 филиал мен өкілдіктерінде өз қызметін жүзеге асыруда ауқымды жұмыстарды атқарып отыр.

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның баспасөз қызметі

Нуриддин Бидосов, +7 707 693 77 23; bidossov.n@agrocredit.kz; nuriddin_bidos@inbox.ru
Эльдар Курманбаев, +7 707 555 91 03 Kurmanbayev.E@agrocredit.kz; eldaradle@gmail.com

«Цеснабанк» АҚ PR-қызметі:

Анар Канафина, +7 701 977 00 67; AK.Kanafina@tsb.kz, pr@tsb.kz